

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2018 жылғы 23 ақпандағы № 2
шешіміне
№ 1 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2018 жылғы 23 ақпандағы
№ 2 шешімімен
«бекітілді»

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамының
Ақпаратты ашу саясаты**

*(«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 11
шешімімен бекітілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)*

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Ақпаратты ашу саясаты
ІНҚ иесі	Комплаенс-бақылаушы
Қол жеткізу деңгейі	Көпшілікке қолжетімді

Мазмұны

1-тарау.	Жалпы ережелер	4
2-тарау.	Ақпаратты ашудың мақсаттары мен қағидаттары	4
3-тарау.	Қоғамның ақпаратты ашуға жауапты жұмыскерлері	5
4-тарау.	Ақпаратты ашудың түрлері мен нысандары	6
5-тарау.	Жалғыз акционерге және Қоғам инвесторларына ашылуға жататын ақпарат	8
6-тарау.	Құпия ақпарат	8
7-тарау.	Ақпаратты ашу тәсілдері	9
8-тарау.	Қорытынды ережелер	11

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «KazakhExport» ЭСК» АҚ ақпаратты ашу саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «KazakhExport» ЭСК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның өзге ішкі құжаттарына сәйкес ақпаратты ашудың жүйелілігін қамтамасыз ету үшін әзірленді.

Қоғам ақпаратты ашуды Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес міндетті түрде жүзеге асырады.

2-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгеріс енгізілді

2. Саясат ақпаратты ашудың мақсаттары мен принциптерін, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін, ақпаратты ашу мен қорғаудың тәртібі мен тәсілдерін, ақпаратты ашудың түрлері мен тәсілдерін, нысандарын, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелерді айқындайды.

3. Қоғам туралы ақпаратқа Қоғам қызметінің барлық елеулі оқиғалары туралы ақпарат, оның ішінде қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік пен басқару құрылымы, Қоғам қызметінің жоспарлары мен нәтижелері туралы ақпарат, Қоғамның Жалғыз акционері, корпоративтік басқару практикасы туралы ақпарат жатады.

4. Қоғам туралы ақпаратты ашу деп осы ақпаратты алу мақсатына қарамастан, оның мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін, сондай-ақ ақпараттың Жалғыз акционерге/мемлекеттік органдарға/жұртшылыққа және өзге де мүдделі тұлғаларға ашудың тиісті нысандары мен тәсілдерін пайдалана отырып берілуін қамтамасыз ету ұғынылады.

2-тарау. Ақпаратты ашудың мақсаттары мен қағидаттары

5. Қоғам туралы ақпаратты ашудың мақсаттары:

1) Қоғам қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және Қоғамның корпоративтік басқару қағидаттарын ұстануға өзгеріссіз дайындығын растау; Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер етуге қабілетті іс-әрекеттер туралы сараланған шешім қабылдау үшін қажетті көлемде Қоғам туралы ақпаратты барлық мүдделі тұлғалардың назарына жеткізу;

2) Қоғамның Жалғыз акционерінің инвестициялық және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін елеулі ақпарат алуға, сондай-ақ жария етілуі Қоғамға және оның Жалғыз акционеріне залал келтіруге қабілетті Қоғам туралы ақпаратты қорғауға құқықтарын неғұрлым толық іске асыруға қол жеткізу.

6. Қоғам туралы ақпаратты ашудың негізгі қағидаттары:

- 1) ақпараттың үнемі және уақтылы ашылуы;
- 2) ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі;
- 3) ақпарат мазмұнының дұрыстығы мен толықтығы;
- 4) ақпаратты ашудың жеделдігі;
- 5) теңгерімділік болып табылады.

7. Ақпаратты ашудың тұрақтылығы мен уақтылығы қағидаты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты ұсыну мерзімдері мен жүйелілігін сақтауға қатысты Қоғамның жауапкершілігін білдіреді. Қоғам Жалғыз акционерге, инвесторларға, мемлекеттік органдарға және барлық мүдделі тұлғаларға олардың тұтастай алғанда Қоғамның қызметін және іске асырылып жатқан өндірістік, инвестициялық, әлеуметтік және басқа да жобаларды түсінуінің қажетті шарты ретінде тұрақты ақпарат берудің маңызын түсінеді. Ақпарат оқиғаның басталу фактісіне сәйкес оның маңыздылық дәрежесі бойынша және оны жария ашудың уақтылығы ескеріле отырып беріледі.

8. Ақпараттың ашықтығы мен қол жетімділігі қағидаты Қоғамның мүдделі тараптар үшін қол жеткізу еркін, ауыртпалықты және шығыны аз болып табылатын ақпаратты таратудың осындай арналарын таңдауын, сондай-ақ Қоғамның қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимін сақтауды ескере отырып, өз қызметі туралы ақпараттың барынша ашықтығын қамтамасыз ету ниетін білдіреді.

9. Ақпараттың мазмұнының дұрыстығы мен толықтығы қағидаты Жалғыз акционерге және басқа да мүдделі тұлғаларға шындыққа сәйкес келетін және ашылатын фактіні немесе оқиғаны толық көлемде түсіну үшін жеткілікті ақпарат берудегі Қоғамның жауапкершілігін білдіреді. Қоғам ұсынылатын ақпаратты үшінші тұлғалар бұрмаламауын қадағалайды және мұндай факті анықталған жағдайда бұрмалаушылықтар мен қателіктерді болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды.

Егер мұндай ақпарат құпия болып табылмаса және мүдделі тараптардың инвестициялық және басқа да шешімдер қабылдауына ықпал етуге қабілетті болса, қоғам өзі туралы теріс ақпаратты ашудан жалтармайды.

Міндетті түрде ашылатын ақпараттан басқа, Қоғам өзінің ағымдағы және жоспарланған өндірістік және басқа да қызметі, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі туралы ақпаратты, сондай-ақ Қоғам қызметін барлық мүдделі тараптардың неғұрлым толық түсінуі мақсатында басқа да ақпаратты ерікті негізде ұсына алады.

10. Жеделділік қағидаты Қоғамның аса маңызды фактілер мен оқиғаларға қатысты және Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін қозғайтын, оның ішінде олардың тиісті шешімдер қабылдауы қажет болған кезде барынша қысқа мерзімде неғұрлым елеулі ақпарат берудегі жауапкершілігін білдіреді.

11. Теңгерімділік қағидаты Қоғамның қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құпия ақпаратқа қол жеткізуді шектеу бөлігінде Қоғамның мүдделерін қатаң сақтаған жағдайда, ақпаратты алуға мүдделі тұлғалардың құқықтарын барынша іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның ашықтық пен ашықтықтың бір жағынан, ақылға қонымды теңгерімін және екінші жағынан, құпиялылықты қамтамасыз етуді білдіреді.

3-тарау. Қоғамның ақпаратты ашуға жауапты жұмыскерлері

12-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгеріс енгізілді

12. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Қоғам ақпаратты уақтылы ашуға/жариялауға жауапты жұмыскерлерді айқындайды.

Жауапты тұлғалардың тізімі мен ашылуы тиіс ақпараттың тізбесі Қоғам Басқармасы төрағасының бұйрығына сәйкес бекітіледі.

Қоғам тұлғалардың тізімі мен ашылуға жататын Қоғам туралы ақпараттың тізбесін жүргізеді және өзекті жағдайда ұстайды.

13-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгеріс енгізілді

13. Қоғам туралы ақпаратты уақтылы ашуға/жариялауға жауапты Қоғам жұмыскерлері ақпаратты ашуды/жариялауды және Қоғамның құжаттарын сақтауды, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген ақпаратты сақтау және ашу (беру) тәртібіне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді;

2) Қоғамы Басқармасы төрағасының бұйрығына сәйкес Қоғамның жұмыскерлері, басшы жұмыскерлері ұсынатын ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз етуді қамтамасыз

етеді.

14-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№ 11) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды

14. Сыртқы есептердің, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпараттың уақтылы ұсынылуына мониторингті Комплаенс-қызмет Басқарма Төрағасының бұйрығымен айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

Саясат «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 14-1-тармақпен толықтырылды

14-1. Қоғамның қызметі туралы ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ корпоративтік Интернет-ресурста уақтылы орналастырылуына мониторинг жүргізу Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

15. Қоғам құпия ақпаратты (қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны) құрайтын ақпаратқа ие Қоғам жұмыскерлерінің, лауазымды адамдарының тізімін жүргізуді қамтамасыз етеді.

4-тарау. Ақпаратты ашудың түрлері мен нысандары

16. Қоғам туралы ашылатын ақпарат мынадай түрлерге бөлінеді:

1) барлық мүдделі тұлғаларға ашылатын жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат;

Құпия ақпаратты (қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпия) құрайтын мәліметтерге жатпайтын ақпарат, сондай-ақ міндетті түрде жария етуге жататын ақпарат жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат деп танылады.

2) Қоғамның Жалғыз акционеріне, инвесторларға, мемлекеттік органдарға ашуға жататын ақпарат;

3) құпия ақпарат (қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпия).

17. Қоғам мүдделі тұлғаларға оларды алу мақсатына қарамастан, осы Саясатта көрсетілген жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде беруге міндетті.

Сұрау салынған құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін Қоғам алатын төлем оларды дайындауға жұмсалған шығындардан аспауға тиіс.

18. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жүгінген жағдайда, Қоғам сұратылған ақпаратты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде беруге міндетті.

19. Электрондық түрде құжаттар, ақпарат Қоғамның, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады. Қоғам жазбаша түрде сұрау салу негізінде ақпарат (құжаттар) ұсынады. Бұл ретте Қоғам ақпаратты (құжаттарды) мынадай тілдердің бірінде: мемлекеттік және/немесе орыс және/немесе ағылшын тілдерінде ұсынады.

20. Ақпаратты ашу кезінде Қоғам мынадай нысандарды пайдаланады:

1) сұратуларға жауаптарды, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды (хабарламаларды), брошюраларды, Қоғам қызметі туралы есептерді, Қоғам жұмыскерлеріне арналған материалдарды қоса алғанда, жазбаша құжат;

2) сұхбатты, баспасөз конференцияларын, Қоғамның кеңесі ішінде және одан тыс жерлердегі кеңестер мен жария іс-шараларда сөйлеген сөздерін қоса алғанда, ауызша хабар;

3) бейнероликтерді, корпоративтік бейнефильмдерді, радио және телехабарларда сөйлеген сөздерді немесе сұхбаттарды, кеңестерде, Қоғам кеңесінің ішіндегі және сыртындағы көпшілік іс-шараларда (конференцияларда) пайдаланылатын слайдтар мен өзге де көзбен көріну құралдарын қоса алғанда, аудиокөрінімдік жазба;

4) электрондық поштаны, дискілерді, USB құрылғыларын және басқа да жеткізгіштерді қоса алғанда, электрондық жеткізгіштерде берілетін материалдар.

21. Қоғам атынан ақпаратты ашуға уәкілетті тұлға Қоғам Басқармасының төрағасы немесе ол уәкілеттік берген өзге де Қоғамның басшы жұмыскері болып табылады.

22. Қоғам Басқармасының төрағасы Қоғам атынан сөз сөйлеу немесе нақты сұрау салуларға жауап дайындау және жолдау үшін Қоғам жұмыскерлеріне уәкілеттік беруге құқылы.

23. Қоғам кезекті қаржылық есептілікті жариялауға, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне және басқа да маңызды корпоративтік оқиғаларға байланысты жылына кемінде 1 (бір) рет немесе қажеттілігіне қарай брифингтер (баспасөз конференциялары) ұйымдастыруға құқылы.

24-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгерістер енгізілді

24. Қоғам Қоғамның интернет-ресурсында мынадай жалпыға қолжетімді ақпаратты ашады:

- 1) Қоғамның Жарғысы, оған өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Корпоративтік басқару кодексі;
- 3) Директорлар кеңесі туралы ереже;
- 4) Ақпаратты ашу саясаты;
- 5) Даму стратегиясы;
- 6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және осы есептілік бойынша аудиторлардың қорытындысы, сондай-ақ тоқсан сайынғы қаржылық есептілік;
- 7) Директорлар кеңесінің мүшелері туралы, оның ішінде келесі мәліметтер: фотосурет (Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің келісімі бойынша), Директорлар кеңесі мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, мәртебесі (тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің өкілі), Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын көрсету, оның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік ету немесе Директорлар кеңесі төрағасының функцияларын орындау, білім, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, негізгі жұмыс орны және қазіргі уақытта атқаратын басқа да лауазымдары, кәсіби біліктілігі, Директорлар кеңесіне бірінші сайланған күні және жұмыс істеп тұрған Директорлар кеңесіне сайланған күні, аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі;
- 8) Басқарма мүшелері туралы, оның ішінде келесі мәліметтер: фотосуреті (Қоғам Басқармасының мүшесімен келісім бойынша), тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, аяқталған жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, қоса атқаратын лауазымдары, аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі;
- 9) сыртқы аудитор туралы;
- 10) корпоративтік оқиғалардың жылдық күнтізбесі туралы;
- 11) мәміленің тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы) туралы мәліметтерді қоса алғанда, жасалуына мүдделік бар мәмілелер, мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы;
- 12) мәміле тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміленің мәні, мәміле бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтерді қоса алғанда, ірі мәмілелер туралы;
- 13) сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру тарифтерінің мөлшері туралы;
- 14) жаңалықтар мен баспасөз хабарламалары;
- 15) Қоғамға берілген кредиттік және өзге де рейтингтер;
- 16) Қоғамның ұйымдық құрылымы;
- 17) байланыс ақпараты;
- 18) Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес корпоративтік оқиғаларға қатысты шешімдері туралы ақпарат;
- 19) Директорлар кеңесінің бір жылдағы шешімдері туралы ақпарат;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасы төрағасының шешімі бойынша өзге де ақпарат.

5-тарау. Қоғамның Жалғыз акционеріне және инвесторларына ашылуға жататын ақпарат

25. Жалғыз акционердің және инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен Қоғам туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

26. Жалғыз акционерге, оның ішінде, бірақ шектелмей, мынадай ақпарат беріледі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;

2) Қоғамның Жарғысына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес өзге де ақпарат.

27. Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат пен ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Қоғам Жалғыз акционерге оның жазбаша талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес ақпарат береді.

29. Жалғыз акционер сұратқан ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарының ережелерін ескере отырып беріледі.

30. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз акционерге ұсыну үшін құжаттардың көшірмелерін дайындағаны үшін ақы алынбайды.

6-тарау. Құпия ақпарат

31. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпаратты қорғау жөнінде шаралар қабылдайды.

32. Қоғам Басқармасы құпия ақпаратты, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау, іскерлік ақпараттың жария етілуінен немесе рұқсатсыз таралып кетуінен ықтимал залалды болдырмау, кез келген мүдделі тұлғалардың осы ақпаратты заңсыз пайдалану фактілерін болдырмау мақсатында құпиялылық режимінің сақталуын қамтамасыз етеді.

33. Қоғам Басқармасы ашылатын ақпараттың мазмұны мен мерзімдерін дайындаудың, келісудің және бақылаудың сенімді тетігін, Қоғам құжаттарын сақтаудың тиісті жүйесін, ақпараттық ресурстардың функционалдығы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

34. Құпия ақпаратты қамтитын құжаттармен және мәліметтермен жұмыс істеу тәртібі Қоғамның ішкі құжатында белгіленген. Құпия болып табылатын ақпарат Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қоғамның құпия ақпараты бар қағаз және электрондық жеткізгіштердегі ақпараттар (мәліметтер), құжаттар тізбесінде көзделген.

35. Сақтандыру құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған негіздер бойынша және тәртіппен ғана ашылуы мүмкін.

36. Құпия ақпаратты және заңмен қорғалатын құпияны сақтау Қоғамның барлық жұмыскерлерінің міндеті болып табылады.

37. Материалдық зиянға және бедел тәуекеліне әкеп соқтырған Осы Саясаттың 35-тармағын бұзған жағдайда, мұндай бұзушылыққа кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тартылады.

38-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№ 11) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды

38. Ақпаратты ашу процесінде құпия ақпаратты беруді болдырмауды бақылау Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

7-тарау. Ақпаратты ашу тәсілдері

39. Қоғам туралы ақпаратты ашуды Қоғам мынадай тәсілдермен:

- 1) Ақпаратты (құжаттарды) Қоғам Басқармасының орналасқан жерінде беру;
- 2) мүдделі тұлғалардың, Қоғамның Жалғыз акционерінің, инвесторлардың, мемлекеттік органдардың сұратуы бойынша ақпарат (құжаттар) беру;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ақпаратты (құжаттарды) мемлекеттік органдарға жіберу;
- 4) Ақпаратты (құжаттарды) Қоғамның интернет-ресурсында және Қоғамдар әлеуметтік желілердегі ресми беттерінде орналастыру;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті орталық депозитарийдің интернет-ресурсында орналастыру;
- 6) Қоғам Жарғысында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;
- 7) ақпаратты брифингтер, баспасөз конференцияларын және бұқаралық ақпарат құралдарымен кездесулер ұйымдастыру арқылы тарату;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырады.

40-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгеріс енгізілді

40. Қоғамның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыруды және жаңартуды Ақпарат және коммуникациялар департаменті және функцияларына ақпараттық жүйенің жұмыс істеуі кіретін Қоғамның бөлімшесі немесе жұмыскері жүзеге асырады.

Қоғамның интернет-ресурсындағы ақпарат үш тілде (мемлекеттік, орыс және ағылшын) жүзеге асырылады. Орналастырылатын ақпараттың мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіні тең түпнұсқалы болуға тиіс.

41-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгеріс енгізілді

41. Қоғам туралы ақпаратты дәйекті, уақтылы орналастыруға және Қоғамның интернет-ресурсында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылатын ақпараттың өзекті мазмұнына Қоғамның ақпаратты қалыптастыру және Қоғамның интернет-ресурсында орналастыру тәртібін регламенттейтін Қоғамның ішкі нормативтік құжатында көрсетілген құрылымдық бөлімшелері және (немесе) жұмыскерлері жауапты болып табылады.

42. Қоғам қызметінің негізгі бағыттары туралы ақпаратты, жарнамалық материалдарды және өзге де ақпаратты осындай жариялау қажеттілігінің туындауына қарай Қоғам полиграфиялық материалдарда жариялайды.

43-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№ 11) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды

43. Полиграфиялық материалдарға орналастыру үшін дайындалған ақпарат Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілік ететін басшыларымен, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қоғам Басқармасының төрағасымен келісілуге тиіс.

44-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес толықтыру енгізілді

44. Қоғам қажеттіліктің туындауына қарай Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде таратылатын өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында баспасөз хабарламаларын, мақалаларын, сұхбаттарын және өзге де ақпаратты жариялайды.

Жариялау алдында Қоғамның ресми баспасөз хабарламалары Қоғам Басқармасының төрағасымен немесе оны алмастыратын тұлғамен, сондай-ақ Жалғыз акционердің баспасөз қызметімен келісілуге тиіс.

Қажет болған жағдайда, Ақпарат және коммуникациялар департаменті дайындалған баспасөз хабарламасының мәтінінің Қоғамның ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасының құпия болып табылатын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне қатысты түсініктемелер алу үшін Комплаенс-қызметке және (немесе) Құқықтық қамтамасыз ету департаментіне жүгінуге құқылы.

45. Ақпаратты ашу қағидаттарына сәйкес Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру арқылы белсенді диалог жүргізеді, соның ішінде:

- 1) Қоғам өміріндегі барлық елеулі оқиғалар бойынша баспасөз хабарламаларын тарату;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің Қоғам басшылығымен баспасөз конференцияларын және кездесулерін өткізу;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің Қоғамға келіп түсетін барлық ақпараттық сұратуларына жедел және құзыретті жауап беру;
- 4) конференцияларға, семинарларға және өзге де жария іс-шараларға қатысу.

46-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№ 11) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды

46. Ақпарат және коммуникациялар департаментінің бұқаралық ақпарат құралдарында тарату үшін дайындалған жарнамалық-ақпараттық сипаттағы жарияланымдар (сұхбаттар, репортаждар, мақалалар) осы жарияланымда қызметі аталатын тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысына, сондай-ақ осы құрылымдық бөлімшенің жұмысына жетекшілік ететін Басқарма мүшесіне немесе Басқарушы директорға алдын ала келісуге ұсынылуы тиіс.

47. Жарнаманы орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

48-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгеріс енгізілді

48. Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысты үйлестіруді Ақпарат және коммуникациялар департаменті жүзеге асырады.

49-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгеріс енгізілді

49. Қоғамның барлық жұмыскерлері Ақпарат және коммуникациялар департаментіне қысқа мерзімде өз өкілеттіктері шеңберінде қажетті ақпаратты алуға жәрдемдесуге міндетті.

50-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгеріс енгізілді

50. Бұқаралық ақпарат құралдарымен ақпарат алмасуды бұқаралық ақпарат құралдарынан сұратуларды өңдеу, бөлу және үйлестіру үшін жауапты болатын Ақпарат және коммуникациялар департаменті жүзеге асырады.

51. Бұқаралық ақпарат құралдарынан сұрату түскен кезде Қоғамның жауапты бөлімшесі немесе жұмыскері өзінің жетекшілік ететін басшысымен, ал Қоғамның имиджіне әсер етуге қабілетті аса маңызды сұрату түскен жағдайда, сондай-ақ Басқарма төрағасымен сұрату тақырыбын келісіп, жауап қалыптастырады. Қажет болған жағдайда, жауап дайындау үшін Қоғамның тиісті бөлімшелері тартылуы мүмкін.

52. Осы Саясаттың 48-тармағында көрсетілген лауазымды адамдар мен жұмыскерлерді қоспағанда, Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің рұқсатынсыз Қоғам қызметінің мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен кез келген өзара іс-қимылға жасауға барлық жұмыскерлерге тыйым салынады.

53. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайтын Қоғам жұмыскерлері Қоғамның Іскерлік әдеп кодексін сақтауға тиіс.

54-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешіміне (№ 11) сәйкес өзгеріс енгізілді

54. Қоғам жұмыскерлеріне электрондық және баспа басылымдарында, әлеуметтік желілер мен Интернет блогтарында жарияланатын сыбыстарға және өзге де расталмаған ақпаратқа қатысты кез келген сауалдарға немесе сұрақтарға түсініктеме беруге тыйым салынады. Осы сыбыстардың түсініктемелерін тек Ақпарат және коммуникациялар департаменті ғана өзінің жетекшілік ететін басшысымен, ал аса маңызды сұрату келіп түскен жағдайда немесе Қоғамның имиджіне әсер етуге қабілетті сыбыстарға байланысты мәселе болған жағдайда, Басқарма төрағасымен де алдын ала келіскеннен кейін жүзеге асыруға құқылы.

55. Егер мемлекеттік органдардың өкілдерінен Қоғам қызметі туралы сыбыстар мен болжамдарға қатысты ресми сұрату келіп түскен жағдайда, жауапты бөлімше немесе жұмыскер ресми жауапты әзірлеу үшін осы сұрату Қоғам басшылығына жіберіледі.

56-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды

56. Ақпарат және коммуникациялар департаменті электрондық және баспа бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ Интернеттің әлеуметтік желілерінің тұрақты мониторингін жүзеге асырады. Қоғам қызметіне қатысты және (немесе) оның жұмыскерлері, лауазымды тұлғалары туралы теріс ақпарат, мәлімдемелер жарияланған немесе орналастырылған жағдайда, Ақпарат және коммуникациялар департаменті бір жұмыс күнінен кешіктірмей жетекшілік ететін Басқарма мүшесіне, Тәуекелдерді басқару жөніндегі департаментке және Комплаенс-қызметке бұл туралы хабарлайды.

8-тарау. Қорытынды ережелер

57. Осы Саясаттың нормаларын Қоғамның барлық жұмыскерлері орындауға міндетті. Осы Саясаттың талаптарын бұзғаны үшін Қоғам жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

58. Қазақстан Республикасының заңдары, Қоғам Жарғысы өзгерген жағдайда, осы Саясаттың нормалары Қазақстан Республикасының заңдарына және Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.